

**Ю.А.Гагарин атындағы №4 орта мектебі бойынша  
мектеп психологтарының 2021-2022 оқу жылындағы  
жылдық жұмыстарының қорытынды есебі**

**Ю.А.Гагарин атындағы №4 орта мектебі бойынша  
мектеп психологтарының 2021-2022 оқу жылындағы  
жылдық жұмыстарының қорытынды есебі**

Мектебімізде 2021-2022 оқу жылында 2 мектеп психологы жұмыс жүргізді. Олар:

1. Бекібаева Асылай Алмасқызы – жоғары білімді, еңбек өтілі - 17 жыл.
2. Нұрғалиева Рысгүл Мұхамбетқызы - жоғары білімді, еңбек өтілі - 12 жыл.

Мектептегі психологиялық жұмыстар №4 Ю.А.Гагарин атындағы орта мектебінің мол тарихын, мектеп ұжымының, мектеп оқушыларының қалыптасқан дәстүрлері мен жақсы үрдістерін есепке ала отыра, өткен оқу жылындағы мәселелер ескеріліп, жылдық жоспар жасақталып, жұмыстар жүргізілді.

Мектептегі психологиялық қызмет келген нұсқаулық хаттар мен заңнамалық құжаттарды басшылыққа алына отырып, жылдық жұмыс жоспары айлық, апталық жұмыс кезеңдеріне бөлініп жүргізіліп отырды. Барлық жасақталған жұмыс жоспарында психология ғылымының негіздері басшылыққа алынып отырды.

Басты мақсат – мектеп оқушыларын өз Отанын, елін, жерін сүйетін, халқымыздың салт – дәстүрін құрметтейтін, дәріптейтін нағыз елжанды азамат, тұлға болып қалыптастыруға сан - алуан жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылы басында барлық пән мұғалімдер, сынып жетекшілер, оқушылар сыныптар бойынша есепке алынды. Есепке алынған оқушылар сараланып, психологиялық тұрғыдан жіктеліп алынды.

Оқу жылы басында барлығы 1574 оқушы қамтылып отыр.

Диагностикалық бағатта жүргізілген жұмыстар бойынша оқушылар мінез-құлқына қарай ұдайы қадағалауды қажет ететін, сабақтан жиі қалатын, мінез-құлқы ауыр, ерекше назарды қажет ететін, тәртіп бұзуға бейім оқушылар болып ажыратылды. Мектеп бойынша тәртіп бұзуға бейім, суицидалды мінез-құлқты, намаз оқитын оқушылар, дәстүрлі емес дінге бет бұрған оқушылар, сондай-ақ наркологиялық диспансерде есепте тұрған оқушылар анықталған жоқ.

Ал жеке кеңес алушыларға тоқталар болсақ. Өз бетінше кеңес алуға келген оқушылар саны 80, мұғалімдер саны 30, ата-аналар саны 52.

Оқу жылы барысында төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

### **Педагогикалық ұжым және әкімшілік құрамымен жүргізілген жұмыстар:**

Оқу жылы барсында жас мамандарға мұғалімдердің өз мамандықтарына көзқарастарын анықтау барысында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы ұсынған 12 сұрақтан тұратын сауалнамалар жүргізілді. Нәтижесінде әр мұғалімдер өз қызметіне қалауларымен келгендіктері анықталды. Қантар айының 7-9 аралығында әр басшының өзін сынап қана қоймай, басшы болуға қабілеті бар ма?, оған міндетті түрде қандай белгілер қажет? Осы жөнінде болжам жасау мақсатында «Сіз қандай басшысыз?» тақырыбында мектеп әкімшілігіне сауалнамалар жүргізілді, ал мектеп әкімшілігінің кәсіби әрекетін ұжым мүшелерінің бағалауын анықтау мақсатында «Мектеп әкімшілігінің кәсіби әрекетін ұжым мүшелерінің бағалауы» тақырыбында ұжым мүшелеріне анонимді сауалнама жүргізілді. Қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігінің әрекеті 3-5 ұпай аралығын қамтыды. Сондай-ақ жыл бойына педагогикалық ұжымдағы психологиялық климат бақылауда болды.

### **Ата-аналармен психологиялық ақпараттандыру, кеңес беру бағыттарында жүргізілген жұмыстар:**

Елімізде болып жатырған пандемияға байланысты ата-аналарға онлайн түрде zoom платформасымен «Коронавирустың өршуі кезінде балаларына қолдау көрсетудің алты әдісі» тақырыбында, «Қашықтықтан оқу кезінде балаларға қолдау көрсету» тақырыбында, Офлайн форматта «ҰБТ кезінде балаларға қалай қолдау көрсетеміз?», «Өзін-өзіне қол салу мәселесі», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу», «Отбасы-аялы алақан мекені» тақырыптарында психологиялық кеңестер мен тренингтер өткізілді.

### **Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау оқиғаларын алдын-алу бағытында жүргізілген жұмыстар:**

Жасөспірімдерді суицидалды мінез-құлықтан алдын алу мақсатында мектебіміз бойынша 7-11 сынып оқушыларына Фергюсон мен Расселдің әдістемесі бойынша «Жалғыздық деңгейі» сауалнамасы, «Депрессия шкаласы» әдістемесі, «Сіз стресске сезімталсыз ба?», «Уайымға бейімсіңбе» графикалық тесті, 7-11-сынып оқушылары арасында «Жаңбыр астындағы адам» тестісі, т.б тақырыбында әдістемелер өткізіліп, қорытындысына сәйкес «Өмірің өз қолыңда!» «Егер сен қиын жағдайға душар болсаң...», «Күлімде өмір ғажа!», «Өз қадіріңді біл!», «Мен таңдаған өмір!», «Өмір қандай керемет!» тақырыптарында тренингтер, кеңес жұмыстары жүргізілді.



Оқушылармен, ата-аналар арасында дини экстремизм, терроризм туралы түсінік жұмыстарын жүргізу арқылы ой-өрістерін дамыту, ақпараттандыру бағытында жүргізілген жұмыстар:

Жүргізілген жұмыстар бойынша намаз оқитын, дәстүрлі емес діндерге бет бұрған оқушылар анықталған жоқ. Жоғары сынып оқушыларына дини экстремизм, терроризм туралы түсінік жұмыстарын жүргізу арқылы ой-өрістерін дамыту, ақпараттандыру мақсатында қараша айының 25-ші жұлдызында «Шапағат» қоғамдық қорының теолог маманы Ринат Орынғалиевпен кездесу ұйымдастырылды.

**Оқу жылы ішіндегі орын аған келенсіз оқиғаларға байланысты жұмыстар:**

Жеткіншектер мен жасөспірім ұлдары мен қыздары арасындағы ерте достық қарым-қатынастың, махаббат сезімдерінің көрініс табуын алдын алу мақсатында «Мектепке көзқарсын қандай?», «Менің мектебім» тақырыптарында сауалнамалар өткізілді. «Қыз бала мен ұл бала арасында достық» тақырыбында, сонымен бірге қыз балалар мен ұл балаларға арнайы жиналыстар, сыныптар бойынша да жеке жиналыстар, кенестер ұсынылды.

**Ерекше көңіл аударатын оқушылармен жүргізілген жұмыстар:**  
Ерекше назар аударатын оқушылар үнемі назарда, бақылауда болды.

**Мамандық таңдау, кәсіби бағдар беру бағытында жүргізілген жұмыстар:**

Оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау мақсатында 11- сынып оқушыларына «Оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау» сауалнамасы жүргізіліп, қорытындысы оқушыларға таныстырылды.

Дайындығы жоғары – 2

Дайындығы орташа – 17

Дайындығы төмен – 5

Дайын емес – 0

Ал, 9-10-сынып оқушыларының әр түрлі кәсіптік қызмет саласына бейімділігін анықтау мақсатында Л.Йовайшидің кәсіби бейімділік сауалнамасы өткізілді. Әдістеме қатысушылардың әр түрлі кәсіптік қызмет саласына бейімділігін анықтауға бағытталған: адамдармен жұмыс, тәжірбиелік, интеллектуальдық, эстетикалық, жоспарлы – экономикалық немесе экстремалды. Сауалнама нәтижесі оқушылардың әр түрлі кәсіптік қызмет саласына бейімділіктері орташа, әлсіз профессионалды

бейімділіктерін көрсетті. Сондай-ақ оқушыларға әр түрі оқу орындарынан мамандар келіп проферентациялық түсінік жұмыстарын жүргізіп, оқушылар оқу орындарына барып «Ашық есік» күндеріне қатысып отырды.

**Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды дайындау бағытында жүргізілген жұмыстар:**

Мектеп бойынша екі 11-сынып. Барлығы 37 оқушы. ҰБТ-ге баратын оқушылар – 36. Мектеп түлектерін ҰБТ-ге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында қаңтар айында «Стресске сезімталсың ба?», ақпан айында «Уайымға бейімсің бе?» графикалық тестісі, мінез акцентуациясын анықтау мақсатында Шмишек сауалнамасы, наурыз айында Фергюсон мен Расселдің әдістемесі бойынша «Жалғыздық деңгейі» сауалнамасы, «Депрессия шкаласы» әдістемесі, сауалнамалар жүргізіліп, сәуір-мамыр айларында «ҰБТ-ге қалай дайындалу қажет?», «Өз эмоцияңды қалай басқару керек? «Сенімділік күш береді», «Тестіге бір күн қалғанда» тақырыптарында психологиялық тренингтер мен кеңестер өткізілді. Сондай –ақ оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

**Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар:**

Бастауыш сынып оқушыларына таным процестері мен психикалық үрдістеріне зертеу жұмыстары жүргізілді. Зертеу жұмыстары барсында: логикалық ойлауларына «Анаграмма», «Төртінші артық», есте сақтауларына «Он сөз», зейіндеріне байланысты «Таблица» әдістемелері қолданылып, жүргізілген жұмыстар қорытындыланды.

Жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша:

Сыныбы	Жалпы оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Деңгейлері	Ойлаулары «Анаграмма»	Есте сақтаулары «Он сөз»	Зейіндері «Кесте»
3 «а»	22	20	Жоғары Орташа Төмен	6 4 10	11 8 1	20
3 «б»	22	21	Жоғары Орташа Төмен	4 4 13	7 8 2	21
3 «г»	22	22	Жоғары Орташа Төмен	5 9 8	15 5 2	22
3 «д»	22	17	Жоғары Орташа Төмен	6 10 1	10 5 2	17



4 «а»	20	18	Жоғары Орташа Төмен	7 5 6	14 3 1	18
4 «б»	21	17	Жоғары Орташа Төмен	13 2 2	8 6 3	17
4 «г»	23	19	Жоғары Орташа Төмен	8 3 6	18 1 0	19
4 «д»	21	18	Жоғары Орташа Төмен	12 6 0	7 8 3	18

Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған оқушылармен назарда болып, сыныптастарымен, сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен қарым – қатынасы бақыланып отырды.

**Репродуктивтік денсаулықты қорғау, қаламаған жүктілікті алдын алу бағытындағы жұмыстар:**

Оқу жылында репродуктивтік денсаулықты қорғау, қаламаған жүктілікті алдын алу бойынша мектеп психологтары мен әлеуметтік педагог, мектеп мектеп медбикесі, тәрбие ісінің меңгерушісі және сынып жетекшілер бірлесе отырып алдын алу мақсатында арнайы жоспар жасакталды.

Мектеп психологтары жасакталған жоспар бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізді:

Оқу жылы басында репродуктивтік денсаулықты қорғау, қаламаған жүктілікті алдын алу бойынша іс-шара жоспары мектеп ұжымына таныстырылды.

Қыркүйек айында қыз балаларға жасөспірімдік кезеңде болатын физиологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру мақсатында «Мен бой жетіп келемін» тақырыбында 8-11-сынып қыз балаларына әңгіме сағаты өткізілді.

Қазан айында ғаламтор ресурстары негізінде жасөспірім қыз балалар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу, қыз балаларды тазалық, инабаттылық, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында 9-сынып қыз балаларына «Ұлттық құндылық ұйытқысы-тәрбиелі қыз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қараша айында оқушылар арасында гигиеналық білім мен дағдыларды қалыптастыру, оқушы мен ата-аналарды ерте жүктілікпен байланысты қауіптермен таныстыру және жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірі үшін

жауапкершіліктерін арттыру мақсатында «Ерте жүктіліктің ертеңі күмәнді» тақырыбында 8-11-сынып қыз балалары арасында жиналыс өткізілді.

Желтоқсан айында «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан» тақырыбында 8-11-сынып қыз балалары арасында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

**Зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушілік, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, алдын алу жұмыстары:**

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айында мектеп учаскелік полициясы, тәрбие ісінің меңгерушілері, медбикемен бірлесе отырып 8-11 сынып оқушылары арасында «Зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында «Жанұя және бала» тақырыбына байланысты анонимді сауалнама өткізіліп және ата-аналарға zoom платформасымен жиналыс ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында тренинг, «Жасөспірімдер арасында жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында профилактикалық түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету, зорлық-зомбылық адам ағзасына әсері туралы түсінік беру мақсатында әлеуметтік педагог, тәрбие ісінің меңгерушілері, мектеп инспекторымен бірлесе отырып қазан айында жоғары сынып оқушыларына «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында әңгіме сағаты өткізілді.

Қараша айында «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында оқушыларға зорлық-зомбылықтың кері әсерлерін түсіндіру мақсатында психологиялық тренинг өткізілді.

Ал, ата-аналарға зорлық –зомбылық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында баяндама жасалды.

Мамыр айында 8-11-сынып оқушыларына оқушылардың зорлық-зомбылық туралы көзқарастарын анықтау мақсатында «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында анонимді сауалнама өткізілді.

**Оқушылар арасында агрессияны анықтау жұмыстары:**

Оқу жылы барысында оқушылардың эмоционалды жағдайын, агрессиялық деңгейін анықтау мақсатында «Кактус» гафикалық әдістемесі, оқушылардың өздерінің жан дүниесіндегі жағымсыз энергиялар-ашу-ыза, агрессиямен жұмыс жасауға мүмкіндік беру, жағымсыз эмоциялардан қиянатсыз арылуға үйрету, рефлексивті механизмді белсендендіру

максатында «Агресивті мінез-құлықты жеңу мен төмендету» тақырыбында тренинг, ал ата-аналарға оқушылардың агрессиялық деңгейін тексеру максатында «Баланың агрессиялық деңгейі» тақырыбында сауалнама өткізілді.

Мектеп басшысы:



Борашев М.К.

Мектеп психологтары:

Бекибаева А.А

Нурғалиева Р.М.